

Теміртауға келіп тоғысқан тегерурінді жастардың өмірлік сырын шертіп, ғұмырлық баянын ақтаратын туындылар.

Қала жұртшылығын қоректендіріп отырған үлкен зауыттың құрылымы мен құрылысына, неше түрлі ұсақ-түйек бұйымына қатысты техника саласындағы терминдерді біріздендіру мен жүйелеуде, сол аталымдарға алғаш рет лингвистикалық сараптама жасап, илікпеген атауларды қазақ тілінің тезіне сап қорғасындай балқытқан да осы Смағұлдың Тілеубердісі. Қалалық ақсақалдар алқасының белді мүшесі болған Төкең зейнетке шыққанның өзінде жергілікті билік пен қаладағы ат төбеліндей қазақтың арасындағы қай түрлі ахуалды бітістірер алтын көпір іспетті. Қалалық «Замандас», «Теміртау», «Құрыш қала» газеттерінің дүниеге келуінің бел ортасында жүрген де Тілеуберді ағамыз болатын.

### *Смағұлдың Тілеубердісінің шығармалары*

#### **Кітаптар:**

Смағұлдың, Т. Өрім жылдар [Мәтін] / Тілеубердісі Смағұлдың. - Қарағанды: TENGRI Ltd., 2013.- 242б.

Лұқпан, Е. Тұғыры биік Теміртау [Мәтін] / Е. Лұқпан, А. Ақын, Т. Смағұл. - Қарағанды: Қарағанды Полиграфия, 2005. - 248 б.

#### **Мақалалар:**

Азамат: [бұрынғы "Қазметаллургқұрылыс"

тресінің басқармасы А.Г. Коркин туралы] // Құрыш қала. - 2012. - 20 сәуір (№16). - 7 б.

Директор: [1980-1987 жж. Қарағанды металлургия комбинатының директоры болған Махмуд Ақбиев туралы] // Құрыш қала. - 2012.- 5 қаз. (№40).- 10 б. - Жалғасы. Басы: 28 қыркүйек., 2012.

### *Смағұлдың Тілеубердісі туралы мақалалар тізімі*

Айтжанова, Қ. Көкейі көмбе-ардагер // Өрім жылдар / Т. Смағұлдың. – Қарағанды: TENGRI Ltd, 2013. - 226 - 229 б.

Арысов, Ж. Достың орны бөлек // Өрім жылдар / Т. Смағұлдың. – Қарағанды: TENGRI Ltd, 2013. - 233 - 234 б.

Әбдікәрімқызы, Н. Жақсылық пен жаңалықтан сұлулық суыртпақтаған: [Смағұлдың Тілеубердісінің "Өрім жылдар" кітабына талдау] // Құрыш қала. - Теміртау.- 2014.- 10 қаңтар (№2).- 10 б.

Серімов, Е. Жетпісті жетегіне алған Төкең (немесе Смағұлдың Тілеубердісі жайында бір үзік сыр): ["Теміртаудың құрметті қариясы" Смағұлдың Тілеубердісі биыл 70 жасқа толып отыр] // Орталық Қазақстан. - 2013. - 4 шілде (№112). - 3 б.

Серімов, Е. Жетпісті жетегіне алған жан ағам: (немесе Смағұлдың Тілеубердісі жайында бір үзік сыр) // Құрыш қала. - 2013.- 15 наурыз (№11).- 6 б.

Смағұлдың, Т. Жақсы адам - ел ырысы: [ардагер металлург Смағұлдың Тілеубердісімен сұхбат] / сұхб. Р. Алдашева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2013.- 29 наурыз (№13).- 4 б.



«Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық бөлім

**Туған жерінің  
топырағына тартқан**



**қаламгер, металлург  
Смағұлдың Тілеубердісі  
75 жаста**

**ЖАДНАМА**

**Теміртау, 2018**

Құрастырушы:  
АББ библиографы  
Жанашева К.А.  
ОК телефоны 8(7213)98-47-60  
E-mail: tesgb@mail.ru

Теміртау қаласының қаламгері, ардагер металлург Смағұлдың Тілеубердісі 1943 жылдың 18 наурызында Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауылында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылып, жетімдіктің зәрлі уын ішіп, тірлік тауқыметін ерте тартты. Смағұлдың Тілеуберді 1960 жылы 10 жылдық орта мектепті бітіргеннен кейін комсомол жолдамасымен Қарағанды металлургия зауытына жұмысқа орналасады. Тілеуберді аға 1963 жылы аталған зауыттың жолдамасымен Алматы қаласындағы қазақ политехникалық институтына оқуға түседі.

Металлург ағамыз Смағұлдың Тілеубердісі, сол бір жалынды, жігерлі, жастық шағы жайлы, былайша толғайды: Жоғары кластарда «Қазақ әдебиетінен» сабақ берген Әзілхан Қасымбеков деген мұғалім «Қазақ мемлекеттік университетіне түсуің керек» деп көндіріп қойғанда сол кездегі үкіметтің саясаты «Онжылдықты тәмамдағандар міндетті түрде үш жыл жұмыс істеу керек» деген үкім шығарып, комсомолдық жолдамамен Қазақстан Магниткасынан бір-ақ шықтық. Оған бір сәт те өкінген емен. Содан сананы тұрмыс билеп, күнделікті күйбеңмен болашағымызға деген көзқарас металлургиямен сіңісіп, ақыры қазақ политехникалық институтын бітірдік. («Құрыш қала» газеті. 29 наурыз, 2013жыл.)

Еңбек жолын жұмыскерден бастап, зауыттың техникалық бөлім бастығының орынбасарына дейін көтеріледі. 1979 - 1980 жылдары Теміртау қалалық орталық өндіріс және транспорт бөлімін басқарған. 1980-

1981 жылдары екі рет Қарағанды металлургия комбинатының хатшысы болып қызмет атқарды.

Қазақ халқында «Туған жердің топырағы» деген ұғым бар. Туған өлкенің ерекше бітім-жаратылысы, бар қадір-қасиеті төл перзентінің бойына дарып, мінез-құлқы да соған бейім келеді деген түсініктен туған. Яғни, адам бойындағы тектілік туған жерден дариды деген сөз. Смағұлдың Тілеубердісі (Төкен) әйгілі ділмар Қаз дауысты



Қазыбектің тікелей ұрпағы болғаннан соң ба, қай жерде қандай сөз айту керектігін, қай кезде ортаға тасталған ұранды пайдаланып, соған басқаларды да табындыра білетін, білгірлігі де бар шешен адам. Ол тек ғана жақсы маман инженер емес, тамаша жазушы, аудармашы, әрі жезтаңдай әнші.

Еліміз Тәуелсіздік алған уақыттан бері Теміртауға қазақ-ағайындар тұс-тұстан ағылып келіп орнығып жатыр, олар үшін дайын мектеп, дайын балабақша бар. Ал соның түп-төркінінде, түп бастауында орыстың бір қаласы іспетті шырайлы Теміртаудың қазақы қалпын киіп, өзгеше нақышталуына үлкен еңбегін сіңірген азаматтың бірі Смағұлдың Тілеубердісі (Төкен) тұрғанын көбі

біле бермейді-ау, сірә.

«Жаны жақсы адамдар байлық жинамайды, өздері байлыққа айналады» депті дүниеден озған жазушы Баққожа Мұқай. Бейбіт өмірдің бақытына кенеліп, өсіп келе жатқан келешек ұрпаққа үлгі тұтар биік тұлғалар керек емес пе?!

Бүгінде тарихтың еншісіне еніп, Теміртаудың әр тасынан іргесін қалаған адамдардың іздерін көріп-біліп, айтып-айғақтап жүрген де бірден-бір осы кісі. Оның жергілікті қазақ газеті беттерінде шығып тұратын шынайы әзілге құрылған мөлтек естеліктері, қаламгерлермен бірлесіп шығарған «Тұғыры биік - Теміртау» іргелі шежіре-кітабы осының жарқын айғағы. Бұл кітапта Теміртаудағы кара металлургия алыбының қалыптасу, өсу - өркендеу шежіресі, жапан түзден бой түзеген қаланы тұрғызған абзал азаматтардың қажырлы еңбегі баяндалады.

2013 жылы Қарағанды облысының TEN-GRI Ltd баспасынан Смағұлдың Тілеубердісінің «Өрім жылдар» атты алғашқы кітабы жарық көрді. Қазақстан магниткасының айбынын дүние жүзіне паш еткен Теміртау деген темірдей сом, таудай асқақ қаланың тарихына, оның өсуі мен іргелі елді мекенге айналу жолындағы қыр-сырына қанық етіп, ондағы еңбек адамдарының шындалған өмір жолынан сыр шертетін Смағұлдың Тілеубердісінің «Өрім жылдар» атты кітабы, 50 - ші жылдары қазақтың кең даласының әр түкіпірінен жастықтың оты жалындап, әр қиянға салған шағында